# ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІ МЕН БАСҚА ПӘНДЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ



# Жоспары

- Интеграция туралы түсінік
- Интеграцияны жасау себептері
- Интеграциялаудың жолдары






Управление Проектами. Интеграция [Integration]

**Интеграция**

**Қалпына келтіру**

**Толықтыру**

**Өзара ынтымақты іс-қимылды тереңдету**

# Интеграция

**Интеграция – әр түрлі нысандарда жүзеге асырылатын және теориялық білімді қамтамасыз ететін ғылыми пән. Көп жағдайда интеграция бәр ғылымның анықтамалары мен әдістерін басқа ғылымда пайдаланумен басталып, пәнаралық теориялар мен зерттеу бағыттарының пайда болуымен аяқталады.**

**Өзін-өзі танудың пәндік саласы - әр оқушының ішкі жан дүниесін байыту және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру үдерісін ұйымдастыруды көздейді.**

# Интеграцияны жасау себептері

«Ізгілік ғылым  түсінбегендерге кез-келген ғылым әрдайым зиян келтіреді» (М. Монтень)

- **Қазіргі білімді ізгілендіру жағдайында интеграциялық үдерістер күшейтіліп, интеграция жетекші, доминантты тенденция болып табылады. Интеграция бұл процесс, өзара байланыс нәтижесі тұлғаның интеллектуалды, мотивациялық және мінез-құлық сферасын олардың диалектикалық бірілігінде өсіру және байыту.**
- **Қазіргі кезеңде бұл мәселе ғылым интеграциясы, оқыту процесін ізгілендіру, адам тұлғасын ең жоғары құндылық ретінде дамыту арқылы жүзеге асырылады.**



**Білім берудің 2 аспектісі бар**

1. **Интеллектуалды (сыртқы білім ақыл үшін)**
2. **Рухани-адамгершілік (ішкі білім, жүрек үшін)**

**Білім мен өмірді әдемі бір үйлесімге біріктіру қажет.**

# *Тұтастай білім беру*

*Сыртқы білім* → *Ішкі білім*

# Білімнің екі аспектісі

| Сыртқы<br>Внешний<br>(Education) | Ішкі<br>Внутренний<br>(Educare) |
|---|---|
| Сыртқы әлемді зерттеу Исследование внешнего мира | • Ішкі әлемді зерттеу (Мен Кім?) Исследование внутреннего мира (Кто Я?)<br>• Адамдағы ішкі дүниесіндегін анықтау Выявление того, что заложено внутри человека |

## Сыртқы білім

1. Сыртқы интеллектуалды
2. Сыртқы дүниені зерттеу
3. Кітаби білім
4. Қалауларды оятады, сырттағыға таратады
5. Дүниеде күн көру қажет
6. Интеллектіні дамытады
7. Ақыл мен тәнге қарасты
8. Сыртқы білімнің мақсаты – ақпарат беру
9. Интернет
10. Аллергия болады.

## Ішкі білім

1. ішкі рухани-адамгершілік
2. Ішкі дүниені зерттейді
3. Практикалық білім (тәжірибе арқылы)
4. Әрбір адамның жүрегінде жасырынған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындайды
5. Өмірлік мақсаттармен байланысты (не үшін өмір сүру керек)
6. Интуицияны дамытады
7. Жүрекке қарасты
8. Ішкі білімнің мақсаты – трансформация (даналықты ояту)
10. Энергия (күш-қуат береді)

## *Тұтастай білім беру = сыртқы білім + ішкі білім*

- Адам тұлғасының барлық аспектілері ақыл, жүректің үйлесімді дамуы қарастырылады;
- Байсалды тұлғаны дамыту;
- Адамның жаратылысынан бар рухани-адамгершілік қасиеттері мен құндылықтарын анықтап, күнделікті өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік жасау;
- Ойы, ісі, сөзі бірлікте болатын мінез-құлыққа тәрбиелеу мақсат етіледі.

*“Өзін-өзі тану” пәнінің басқа пәндермен интеграциясы* – ол, ең алдымен мектептегі білімді жандандыру, оның рухани-адамгершілік болмысын жарыққа шығару, ол – біртұтас білім, барлық пәндерді мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жинақтау және әр алуандылықтың біртұтастығын көре білу. Мәңгілік құндылықтар білім берудің ошағына айналуы керек, басқаша айтқанда, біз оқытатын нәрселеріміздің барлығының біртұтас екендігін көрсетуіміз керек.

# Интеграциялаудың жолдары

- **Ғылымдардың  білімді ізгілендіру туралы пікірлерінен мысалдар келтіру**

*Бейсенбаева Аида Аршабекқызы* оқу-тәрбие үдерісінде пәнаралық байланыстың, жаһандық білім беру кеңістігіндегі ғылым мен практика интеграциясының негізі мәселелерін қарастырады.  Ғалымның пікірінше: «Білімді ізгілендіру - ұлттық және әлемдік мәдениетке, рухани құндылықтарға мән беру, тұлғаның рухани мәдениетін қалыптастыруда кез келген халықтың төл мәдениетін, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениет құндылықтарын түсінудегі оқу пәндері рөлінің өсуін қамтамасыз ету т.б.

ізгілік – рухани бай және үйлесімді дамыған тұлғаның қасиеттерінің бірі. Бұл тек жеке адамның емес, бұл қоғамдағы адамшылықтың көрінуінің жүйесі.

Ізгі адам адамзатты сүйетінімен, теңдік ұстанымын сыйлауымен және әділеттілігімен ажыратылады.

Кісі  өзін ізгілік туралы сөздерді айтуға емес, ізгі істер мен қылықтарды үйретуге тиіс . Демокрит

“Өзін-өзі тану” пәні мен мектептегі басқа пәндерді интеграциялау үдерісі кезінде мына *қағидаттар* басшылыққа алынады:

1. Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидаты.
2. Оқыту үдерісінде тұлғаның өзін-өзі айқындау және өзін-өзі дамыту қағидаты.
3. Бірлік қағидаты.
4. Оқушыларды ғылыми-зерттеу шығармашылығына шабыттандыру қағидаты.
5. Әлеуметтік ынтымақтастық немесе қоғамға қызмет ету қағидаты.
6. Позитивтік қағидаты.
7. Мәдени сәйкестілік қағидаты.
8. Табиғи сәйкестілік қағидаты.

## Өзін-өзі тану пәні мен гуманитарлық цикл пәндерінің интеграциясы.

1. **өзін-өзі тану пәнінің лингвистикалық цикл пәндермен интеграциясы**(Мыс: шығарма,эссе, диктант мәтіндерін орындағанда, тілдік пәндердің тұжырымдамасына өзгеріс енгізуді талап етеді. Олар: құндылыққа бағытталған әуендер немесе поэмалар ) т. с.с.

2. **өзін-өзі тану пәнінің эстетикалық цикл пәндерімен интеграциясы.**(Мыс: көркемөнерлік білім. Ол: өздеріне лайық өнердің түрі мен жанрларын таңдауға,көркемдік талғамын арттыруға мүмкіндік береді.)

3. **өзін-өзі тану пәнінің қоғамдық-тарихи пәндермен интеграциясы.** (Мыс: **тарих.** Ежелгі Грекияда құл адам санатына қосылмаған, әсемдік идеясы сыртқы пішінге бағытталған, батыр. отаншыл деп тек өз Отанының мүддесін жоғары қойған адам ғана саналған.) Негізгі әдістер:

1. Әр сабақтың басы мен соңында 2-4 минуттық жағымды көңіл-күйді қолдану;
2. Тарихи өсиет әңгіме айту, оқушының зейінін баурап, бойлалына сіңіру;
3. Топтық шығармашылық әрекет балалардың қуатын қажетті бағытқа бұрып, бір-бірімен жақсы қатынас орнатуларына көмектеседі;
4. Әуен және хормен ән айту – сабырлылық, сүйіспеншілік пен қуаныш сезімдерін бекітуге ең тиімді тәсіл.

Басқа да бағыттары:

1. Өзін-өзі тану пәні мен математиканың интеграциясы;
   1+5+6+4+2=?
   5+3+7+1+2=?
   4+6+7+1=?

1. Өзін-өзі тану пәнінің география, биология, дүниетанымымен интеграциясы;
2. Өзін-өзі тану және физика, химия пәндерінің интеграциясы;
3. Өзін-өзі тану мен экономикалық пәндердің интеграциясы,т.б.

*Мектепті емес, мұғалімнің рухани дүниесін реформалау қажет.*

**Ш.А. Амонашвили.**



**Жапон ғалымы Эмото Масару мұздатқышта бір стақанға Моцартты, тыңдатып, екінші стаканға жаман сөздер айтып қояды. Бірінші стакан кристалдары өте мөлдір, өте әдемі, тығыз. Ал екінші стакандағы су кристалдары әлсіз болған.**

**Су. Екі ғана әріптен құралған осынау мөлдір сұйықтықта тіршіліктің көзі жатыр.**

**Жапондық психолог-ғалым Эмото Масару: «Су адамның психикалық энергиясын бойына сіңіре алады және оны ұзақ уақыт бойында «есіне» сақтап, тіпті басқаларға жеткізе алады. Судың бойына жинақталған таза энергия небір ауруларға ем болады», — деп жазады. Ғалымдардың айтуынша, расында да судың қасиеті өте мол. Мәселен, су дене температурасын тұрақтандырады, азық, қалдық, оттегіні тасымалдайды, адам зейінін ашады, стресс пен депрессияны басады, ұйқыны жөнге келтіреді, көзге жанар береді, ағзада қан жасалуын реттейді, иммунитетті күшейтеді. Яғни біз табиғатқа ризашылығымызды білдіуіміз керек.**



# Дүниетану пәні мен өзін-өзі тану пәнін ықпалдастыру

- Әлемді тану, табиғат әсемдігін, үндестілігін, үйлесімін, өнер жетістіктерін жүрекпен қабылдап бағалай алу, өзі өмір сүріп отырған ортаның заңдарын, ұлттық құндылықтарды қастерлей білу, махаббатты, сүйіспеншілікті, қайырымдылық пен имандылықты құрмет тұту тәрізді қажеттіліктерді өзін-өзі тануда ықпалдастық арқылы жеткізуге болады.
- Адам мен табиғаттың бірлігі, табиғаттың адам дамуына жағымды әсері туралы түсініктері болуы, қоршаған ортаға саналы түрде ұқыптылықпен қарым – қатынас жасай алуы;
- Мысалы: “Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ.
- Түйін: егер біз табиғатты дұрыс аялап, сақтай білсек қана табиғаттан алатын нәрселерімізді ала аламыз деп балаларды дұрыс әрекет жасауға, табиғатқа сүйіспеншілікпен карауға, табиғатқа қиянат жасамауға, ішкі тыныштықтарын сақтай білуге үйрету арқылы түйіндеу.
- Табиғат сен-тіршілік, тұнып тұрған
- Сен - Күнсің, көтерілген күліп қырдан
- Сен- көлсің,
- Сен - ормансың, сен бұлбұлсың
- Адамға сұлулықты шын ұқтырған
- А.Хангелдин
- Адамда да жылулық,кеңпейілділік, жомарттық, сұлулық сияқты қасиеттері болады.

# *Интеграция мысалдары*
# *Қазақ тілі*

- **Қазақ тілі пәні мен өзін-өзі тану пәнін ықпалдастыру**: Мысалы Синоним сөздер
- Мағыналары бір-біріне жуық, бірақ дыбысталуы басқа – басқа сөздерді ***синоним*** дейміз.
- Мысалы: әдепті, тәртіпті, ақылды, білімді, сыпайы.....

Түйін: «Әдепті бала – арлы бала деген сөздің мәнін ашатын болсақ, егерде бала өз ісінде дұрыс әрекет жасайтын болса, атқаратын істеріне сүйіспеншілікпен қарап, әрдайым өзін тек қана тыныштықта ұстайтын болса, ешкімге ешқашан да қиянат жасамайтын болса онда сол баладан дұрыс әдепті, тәртіпті адам шығатынымен түйіндеу

# Валеология

- **Валеология және өзін-өзі тану пәнін ықпалдастыру.** Мысалы: **“Денсаулық –байлық негізі**”
 **1. Байлық** - дегеніміз, тек дененің сыртқы бүтіндігі ғана емес, барлық дене мүшелерінің сау болуы, жалпы алғанда организмнің жан-жақты дамуы мен бүкіл дене қызметтерінің жүзеге дұрыс асырылуы.
Байлыққа жету үшін мынадай ережелерді ұстанған дұрыс: Ерте тұру, орта тазалығын ұстау, денені шынықтыру, жеке бас тазалығын ұстау, сергек жүру, артық тамақ ішпеу, жалқау болмау.
**2**. **« Байлық – сән ырысы»** демекші, рухани байлық, білімнен асар байлық жоқ. Біртұтас алғанда байлық деген –ойды арамдық пен зұлымдықтан қорғаса, көзді көрсеқызарлықтан қорғаса, құлақты өсектен, өтіріктен, лақап сөзден қорғаса, қолды адал, таза ұстаса, бойды ластан қорғаса пейілі мен ниеті ақ болса, жаны да, тәні де таза, рухы биік жоғары болады.
- Білім –жаныңдікі,ал байлық тәніңдікі Араб даналығы.

# География

- Тіршілік ортасы дегеніміз – тірі ағзалардың бір-бірімен байланысып өмір сүретін табиғаттың бір бөлігі.
- Адамның жүрегін жанды күйінде ұстап тұратын сарқырама іспетті сүйіспеншілік. Мейірімділік,махаббат, қайырымдылық,адалдық жүректен шығады.
- Тау мен дала,Бірі –әке, Бірі-ана.
- Өзендер мен көлдер тау бұлақтарынан су жинайтын себебі, олар бұлақтардан төмен орналасқан. Осының арқасында олар тау бұлақтарын уысында ұстайды. Бұлақ әрдайым ілгері ағады. Адам да ілгері жүгіреді.
- (Жоғары тұрғысы келген данышпан өзін төменге қояды)
- Су – түссіз, мөлдір, иісі – дәмі жоқ, ұдайы ағып жатады.
- Адам да да тазалық, ой тазалығы сияқты қасиеттер бар

# Білім берудің аспектілері

